



Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н.Мырзакасымова

Бастауыш бірлестігінің апталығында өтілетін ашық сабақтар тізімі

№	Тақырыбы	Мұғалім	Сынып	Өтілетін күні
1	Аман болшы анашым! тәрбие сағаты	Керимжанова Р	1 Б	06.03.25ж 2-сабақ
2	«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» тәрбие сағаты	Дуйсенбаева А	1 А	05.03.25ж 2-сабақ
3	Ас атасы-нан	Рабаева Г	1 ж	06.03.25ж 2-сабақ
4	Ас атасы-нан	Күденова Ұ	1	07.03.25ж 2-сабақ
5	Ас атасы-нан	Ангелекова Ж	1 Ә	07.03.25ж 1-сабақ
6	«Көктем» сайыс сабақ	Амалбаева Г Битаева Н Исламова Д	1 В 1 1 Д	05.03.25ж
7	«Нанды қадірлейік»	Бакирова Н	1Г	06.03.25 ж 2-сабақ
8	« Нанды қадірлейік»	Сатыбалдиева Қ	1 Е	06.03.25ж 2-сабақ
9	«Әкеге қарап ұл өсер»	Бердибекова П Аскарова Б Қаныбек Х Маутаева Р Налибаева Г	2 Ә 2 Б 2 А 2 В 2 Г	28.02.2025 сағ 12:00
10	«Дарындылар додасы» сайыс сабақ	Адырбаева Д Есенова Н Адилтаева А Әбілда А	2 Д 2 Е 2 З 2 Ж	04.03.2025 Сағ 12:00
11	«Ойна да ойла» интеллектуалды сайыс сабақ	Жаксылыкова З Спабекова Л Дүйсенбекова Г Туйчиева А Коленбетова Ұ	3 Ә 3 А 3 Б 3 В 3 Ж	28.02.2025 сағ 12.00.
12	«Бала Абай» Әдебиеттік оқу пәні	Оспан Мағира	3 З	25.02.2025 3- сабақ Кабинет 204
13	«Мен ұстаз анаммен мақтанамын» сайыс сабақ	Сәт Гүлнар	3 Г	06.03.2025 сағ12:00

	Қазақ тілі пәні			3-сабақ Кабинет 211
17	Етістіктің жіктелуі	Аманбаева А Утенбаева Л Жайшибекова А	4 Б 4 Қ 4 И	6.03.2025 2-сабақ Сайыс сабақ
18	Етістіктің жіктелуі	Утенбаева Л	4 Қ	6.03.2025 2-сабақ
19	«Абай-дана, Абай-дара, қазақта»	Серикбаева Ж	4 А	4.03.2025ж 2-сабақ 1-ауысым
20	Сайыс сабақ «Білімділер бәйгесі»	Аширимбетова Ж Шералиева Ж	4 И 4 Ж	26.02.2025ж 2-сабақ
22	Сайыс сабақ «Жүзден жүйрік - мыңнан тұлпар»	Әбибулла Ұ Сәрсенбаева Д Қасымбек А Сарсенова Б	4 Ә 4 Г 4 З 4 В	28.02.2025ж 1-сабақ 2-ауысым
23	Жіктеу есімдіктерінің септелуі	Жунисбекова Б	4 Ғ	3.03.2025ж 2-Сабақ 1-ауысым

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бастауыш сынып бірлестігінің 2025 жылы 24 ақпан 07 наурыз аралығында өтілген « Бастауыш сыныптар бірлестігінің он күндігі » атты ашық сабақтар шеруі болып өтті

ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: « Бастауыш сыныптар бірлестігінің он күндігі »»

Мақсаты: Жаңа инновациялық ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; оқушылардың білім, білік бағдыларын қалыптастыру оқу үдерісін жетілдірумен қатар жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып рухани адамгершілігін дамыту.

Бізде бастауыш бірлестігінде әр тоқсанға ашық сабақтар қойылған болатын.

1-тоқсанда 4- сыныптар ашық сабақтар өтті, 2- тоқсанда 3-сыныптар, 2- тоқсанда 2- сыныптар арасында ашық сабақтар өтілгендіктен бұл жолғы он күндік сайыс сабақтар, ашық тәрбие сабағы ретінде өтілді №

1. Ашық сабақ, 25 ақпан күні Оспан Мағира 3 3 сынып оқушыларымен «Бала Абай» атты сабағын өтті.

Анықтамасы: Оқушыларды топқа бөліп отырып Ұлы Абай Құнанбаев туралы мағлұматтар келтіре отырып оқушылар сабақ барысында Абай шығармаларынан өлеңдер мен қара сөздерін жатқа айтып өз білімдерін ортаға салды. Сабақ барысында « Ой қозғау », « Із кесуші », « Сипатта », « Пікір ағашы » әдістері арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыратын тәсілдер қолданды. Сабақ өз деңгейінде өтті.

Ашық сабақ соңында сабаққа қатысқан мұғалімдердің сын ескертпелері тыңдалды.

2. 26 ақпан «Білімділер бәйгесі» сайыс сабақ

4 Ж, 4 И

Пән мұғалімі: Аширимбетова Перизат, Шералиева Жанар мұғалімдердің ұйымдастыруымен өтті

Анықтамасы: Сабағын өте тартымды өтті. 2 топқа бөлінді. Дарын тобы, Алау тобы. Оқушылар өте тәртіпті, ынталы қатысты және топпен жұмыс жасай білді. Мұғалім оқушылармен тығыз байланыста екенін, сонымен бірге мұғалімнің шеберлігі жоғары екенін көрсете білді. Оқушыларымен бірге күнделікті алған білімін ортаға салды. Әр тапсырма сайын бағалау парағы толтырылып отырды. Сабақ соңында оқушылар бағалау парақшаларын өздері санап, жазды. Оқушылар өз-өзін бағалауды және өзгенің жұмысын бағалауды үйренді. Сабақ оқушылардың топпен жұмыс жасауға өз пікірлерін қымсынбай топ алдында айта алуға үлкен септігін тигізетіні анық көрініп тұрды.

3. Интеллектуалды сайыс сабақ: 28 ақпан күні 3 Ә, 3 А, 3 Б, 3 В, 3 Ж сынып оқушыларымен Жаксылыкова Замзагул, Спабекова Ләйла, Дүйсенбекова Гулбану, Туйчиева Айшолпан, Коленбетова Ұлжалғас мұғалімдеріміздің ұйымдастырған «Ойна да ойла» атты сайыс сабағы өтті. Сабақтың құрылымы бір сарынды емес, әр түрлі тапсырмалар, әрқилы әдіс-тәсілдер қолдану арқылы оқушылармен жеке жұмыс, топпен жұмыс жасады. Өткен сабақты еске түсіру кезінде деңгейлік тапсырмалар қолданды. Ойындар арқылы оқу деңгейі төмен балалардың ынтасын сабаққа тарта білді. Мұғалім оқушылармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасай отырып, оқушыларды ынталандыра, өзінің педагогикалық шеберлігі жоғары деңгейде екендігін көрсете білді

Жалпы сайыс сабақ керемет өтілді. Оқушылар сабақта өте белсенді қатысты

3.Интеллектуалдық ойын: 04 наурыз күні «Дарындылар додасы» интеллектуалдық сайыс 2 Д, 2Е, 2З, 2Ж, сыныптарымен өтілді. Сайысқа қатысушылар 5 кезең бойынша бақ сынады.

Анықтамасы: Адырбаева Дариға, Есенова Нурила, Адилтаева Аселхан, Әбілда Айнұр мұғалімдеріміздің ұйымдастырған сайыс сабақ қызықты өтті.

1-кезең. Бәйге. Сұрақтарға жауап бер, қазақ тілінен өткен сұрақтарға жауап берді.

2-кезең. Тіл өнері. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Абай шығармаларын мәнерлеп оқу

3-кезең. Топтық жұмыс. Жеті жұрттың тілін біл, Суреттерден сөздік құрау, орысша, қазақша

4-кезең. Жорға деп аталды. Онда оқушылар логикалық есептер шығарды

Өткен сабақты еске түсіру кезінде деңгейлік тапсырмалар

қолданды. Ойандар арқылы оқу деңгейі төмен балалардың ынтасын

сабаққа тарта білді. Мұғалімдер оқушылармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс

жасай отырып, оқушыларды ынталандыра, өздерінің педагогикалық шеберлігі

жоғары деңгейде екендігін көрсете білді. Оқушылар сабақ соңында

рефлексия жасады.

Қатысушы топтар номинацияларымен марапатталды.

4.Сайыс сабақ: 28 ақпан күні "Әке көрген-оқ жонар" 2 Ә, 2 Б, 2 А, 2 В, 2 Г сыныптарымен сайыс сабақ өтілді. Сайысқа қатысушылар 4 кезең бойынша бақ сынады

Анықтамасы: Бердибекова Перизат, Аскарова Ботагөз, Қаныбек Халия, Маутаева Рабиға, Налибаева Гүлмира мұғалімдердің ұйымдастыруымен өтті.

Бала тәрбиесінде әкелердің қамқорлығы, отбасындағы міндеттері жайлы тоқтала келе, мектеп оқушыларының түрлі келеңсіз оқиғаларға бой алдырмауын қалыптастыруда әкелердің жауапкершіліктерін артыру керектігі айтылып өтілді, Әке тақырыбында өз ұрпағына беретін тәлім тәрбиесі туралы бейне ролик көрсетіліп өтілді, Әкенің балаға берер тағылымы мол сайыс сабақ өтілді. «Өте жақсы» деген қорытынды жасалды. Қатысушыларға номинациялар берілді. Барлығы жақсы көңіл күймен қайтты.

5.06.03.2025ж

Сайыс сабақ. «Мен ұстаз анаммен мақтанамын»

Пән мұғалімі: 3-г сынып жетекшісі Сәт Гүлнар мұғалімнің ұйымдастыруымен мектебіміздің АКТ залында өтті, сайысты көрермен ата-аналар, оқушылар тамашалады.

Анықтамасы: Сайысқа 7 ұстаз Гүлнар ұстаздың сыныбында оқитын өз ұл-қыздарымен бірге қатысып өз өнерлерін ортаға салды. Біздің мектебімізден 4 ұстаз қатысты, басқа 3 ұстаз басқа мекемеде қызмет жасайтын ұстаздар.

Сайыс өтте қызықты өтті. Таныстыру кезеңі, Ұстаздың бір күні атты видеоролик түсіру, Шығармашылық кезең, Ситуациялық сұрақтар бөлімінен тұрды. Сайыстан оқушыларымызда, аналарыда өте өнерлі, әнші, биші, екендігін көріп тәнті болдық. Әрбір қатысушы ұстаз аналарымыз номинациялық Алғыс хаттармен марапатталды.

6.Ашық сабақ.Сабақтың тақырыбы: «Сын есім»

Пән мұғалімі: Бастыкова Жанерке

Анықтамасы: Сабақтың құрылымы жақсы жоспарланған. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым-қатынасы өте жақсы. Ұстаз болу тек білім беру емес баланың мінез құлқын дұрыс қалыптастыру деген қорытындымен ашық сабақ соңына жетті. Сабақ

барысында оқушыларды қызықтыра білді. Топтық, жұптық, шығармашылық әртүрлі әдістер арқылы оқушыларды сабаққа қызықтырды.

Мәтінды оқып мәтінде не туралы айтылғанын әңгімелесті. Мәтінды түсініп оқиды. Мұғалім өз шығармашылығын шындап, педагогикалық шеберлігін көрсете білді.

Оқушылар пән бойынша жақсы білім көрсеткіштерін көрсетті және білімдерін шындады. Сабақта бұрын пайдаланылмаған неше түрлі әдіс - тәсілдер пайдаланылды, оларды оқушылар өте қызығушылықпен орындады. Сабақ өте жақсы деңгейде өтті.

7. Ашық сабақ. 05.03.25. Сабақтың тақырыбы: «Сын есім»

Пән мұғалімі: Жантелиева Жадыра

Анықтамасы: Сабаққа кірген бетте оқушыларға ұшаққа билет алу әдісі арқылы топқа бөлді. Бұл оқушыларға керемет көңіл күй сыйлап сабаққа деген қызығушылығын оятты. Сабақта жасанды интеллект, Бірлесіп жазу стратегиясы, Кестені толтыр әдісі, шығармашылық тапсырма әр түрлі әдіс тәсілдер қолданды. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Оқушылар

Сын есімдер туралы білімдерін нығайтты. Сөйлемнен зат есім, сын есім, сан есім, тапты.

Жаңа әдіс-тәсілдер қолданды, топтық жұмыстар жасалды, слайдтар жасалды, видеоролик қолданды. Мақалдардың ішінен Атан түйе шөккен жер мәтінды мазмұның жазды. Құрылымға

сай оқылым, жазылым дағдылары қамтылды. Тақырыптың мақсаты ашылды.

Сабақ құрылымы жақсы жоспарланған. Оқушылар арнайы дайындалған бағалау шкаласымен бағаланып отырды, Сабақ өте жақсы деңгейде өтті.

8. Сайыс сабақ. 6 наурыз. Сабақтың тақырыбы: «Етістіктің жіктелуі»

Пән мұғалімі: Аманбаева Алипа, Утенбаева Лаззат, Жайшибекова Алтынай 4

Б, 4 Қ, 4 И сыныптары арасында сайыс сабақ өтті

Анықтамасы: Сайыс сабаққа үш сыныптың Лексон Стади бағдарламасы бойынша сабақ өтіліп келген сынып болғандықтан С деңгейіндегі оқушылар іріктеліп алынып, сол оқушылармен сайыс сабақ өтілді. Бұл оқушылардың топпен жұмыс жасап дағдылануына, сабақ үлгерімінің жақсаруына көмегін тигізетіні және оқушылардың қабілеттерінің оқуға деген қызығушылығын байқадық. Мұғалімдердің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым-қатынасы өте жақсы. Оқушылар берілген қосымша тапсырмаларды орындады. Тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтірі. Жіктік жалғаулы сөздерді қатыстырып сөйлем құрады. Сабақ барысында оқушылар белсене қатысты. Өткізген сабағын талдай « жақсы» деген қорытынды жасалды. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағалады.

9. 6 наурыз Сабақтың тақырыбы: «Абай дана, Абай дара, қазақта»

Пән мұғалімі: Серикбаева Жанар

Анықтамасы: Сыныпқа кіргеннен қазақ ауылдың керемет көрінісін көрдік.

Алтыбақан тербеткен қазақша нағыз та киінген ұлдар мен қыздар. Жерге төселген қол кілем, құрақ көрепе және жер стол.

Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым-қатынасы өте жақсы. Оқушылар Абай өлеңдерін, қара сөздерін нақышына келтіріп орындады. Абайдың балалық шағына саяхат жасаған сәтінде бала Абайдың өзін көргендей әсерде болдық. Жанар мұғалімнің оқушыларының оқумен қатар өнерді де қатар дамытып жүрген керемет оқушылар екендігін байқадық. Оқушылар өз өнерлерін ортаға салып сабаққа белсене қатысты. Сабақ өте жоғары деңгейде өтті.

10. Сабақтың тақырыбы: 28 ақпан «Озық ойла оқушы» 4Ә, 4Г, 4З, 4В

Пән мұғалімі: Әбибулла Ұлбала, Сәрсенбаева Динара, Қасымбек Айман,

Сарсенова Бағила мұғалімдердің ұйымдастыруымен сайыс сабақ өтілді.

Анықтамасы: Оқушыларды Түстер арқылы 4 топқа бөлді

Қалтадағы сұрақ кезеңі. Зерттеушілердің ойыны. Математикалық мастерлер. Ақыл ой алаңы атты кезеңдер бойынша сұрақтар қойылып оқушылар белсенен қатысты, сабақ өте қызықты және тартысты өтті

11. 3.03.25 ж. Сабақтың тақырыбы: «Жіктеу есімдіктерінің септелуі»

4 Г Пән мұғалімі: Жунисбекова Б

Анықтамасы: Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Сабақ сәлемдесумен, психологиялық дайындықпен басталып, оқушылардың өткен білімдерін тексере отырып, жаңа сабақпен байланыстыра сабақтың тақырыбын ашты.

Оқушылар берілген тапсырмаларды рет-ретімен орындай отырып, тапсырмаларды толығымен қамтып, өз білімдерін көрсете білді.

Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және бағалауды оқушылар құрылған критериялар арқылы өздері ағалады және стикерлер арқылы кері байланыс жасады.

Өткізген сабағын талдай отырып, мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, бақылаушылығы, эмоциялық деңгейі «Өте жақсы» деген қорытынды жасалды.

12. 6 Наурыз Сабақтың тақырыбы: 8- наурыз Аналар мерекесіне орай «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» атты ашық тәрбие сабағы өтті

Пән мұғалімі: Дүйсенбаева Ардақ

Анықтамасы: Сабаққа сыныптағы оқушылардың аналары түгел қатысты,

Аналарының мерекесіне орай оқушылар өздері дайындаған әннен шашу шашып би билеп, аналарын тақпақтарын арнады. Аналар өз ризашылықтарын айтып тарасты, Сабақ өте керемет өтті. Аналарымыз тілек тілеп әнмен тәрбие сабағын аяқтады

13. 6 Наурыз Ашық сабақтың тақырыбы: «Аман болшы анашым» 1 Б сынып

Пән мұғалімі: Керимжанова Радагүл мұғалімнің ұйымдастыруымен

Анықтамасы: 8- наурыз Аналар мерекесіне орай оқушылар керемет ән айтып керемет би билеп сабақты көруге келген аналарын мерекелерімен құттықтап өздері қолдан жасаған гүлдері мен ашық хатқа жазған жүректерінен шыққан жылы сөздерімен құттықтады. Аналар өз ризашылықтарын айтып тарасты, Сабақ өте керемет өтті. Аналарымыз тілек тілеп әнмен тәрбие сабағын аяқтады.

14.7 Наурыз Ашық сабақтың тақырыбы: «Ас атасы- нан» 1 Ә сынып

Пән мұғалімі: Ангелекова Жамила

Анықтамасы: Ангелекова Жамила ұстазымыз білікті де білімді ұстаз болғандықтан сабағы өте жоғарғы деңгейде өтті. Кубизм әдісі бойынша 3 топқа бөлді

1 топ Тары

2 топ Күріш

3 топ Бидай

Мозайка әдісі бойынша жаңа сабақты түсіндірсе, топпен жұмыс арқылы сынып жұмысы орындалды. Жеке жұмыс, Жұптық жұмыс, топтық жұмыстарды оқушылар қызыға өте белсенділікпен орындады. Оқушылар мақал мәтелдер айтуменде ерекше көзге түсті.

15. 6 наурыз Сабақтың тақырыбы: Ана тілі сабағы. «Нанды қадірлейік» 1 Г

Пән мұғалімі: Бакирова Нафиса

Анықтамасы: Сабақтың құрылымы жақсы

жоспарланған. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым-қатынасы өте жақсы. Мұғалім өз шығармашылығын шындап, педагогикалық шеберлігін көрсете білді. Оқушылар пән бойынша жақсы білім көрсеткіштерін көрсетті және білімдерін шындады. Оқушылар өз өзін бағалау және өзгенің жұмысын бағалауды үйренді.

Сыныпты 4 топқа бөлді

1 топ Адасқан сөздерден сөйлем құрау

2 топ Суреттерді ретімен орналастыру

3 топ құмырсқаның тапсырмасы. Сөйлемдерді ретімен орналастыру

4 топ Бұлбұлдың тапсырмасы .Буындарды түріне қарай ажырату жұмыстары жүргізілді.Оқушылармен осы тапсырмаларды ынтамен орындап өте белсенділік танытты, Мақал -мәтел жарысынан өте керемет белсенделік танытты.Сабақ өте жақсы деңгейде өтті.

16. Сабақтың тақырыбы: « Көктем » тапқырлар сайысы өтті

7 Наурыз 1 В,Д,Г

Пән мұғалімі:Амалбаева Гулмира,Битаева Нұржамал, Исламова

Ділбар мұғалімдердің ұйымдастырумен үш сынып арасында өтті

Анықтамасы: Сабақтың құрылымы жақсы жоспарланған. Сабақ барысында қазақ тілін қолданды.

Оқушылар үш топқа бөлінді

Ақылдылар

Білімділер

Зейінділер

Сабақтың құрылымы бір сарынды емес, әр түрлі тапсырмалар, әдіс-тәсілдер қолдануарқылы оқушылармен жеке жұмыс, топпен жұмыс жасады. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық ой-өрісін дамытты. Мұғалім оқушылармен тығыз қарым –қатынаста жұмыс жасай отырып, оқушыларды ынталандыра білді. Шапшандыққа ,тапқырлыққа және ұйымшылдыққа баулу.Өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыланды. Оқушылар сабақ соңында рефлексия жасады.Сабақ өз деңгейінде өтті

17. 6 наурыз Сабақтың тақырыбы:Ас атасы-нан

Пән мұғалімі:Сатыбалдиева Қ

Анықтамасы:Сабақтың құрылымы жақсы жоспарланған.Сөйлемді бас әріптен бастап жазып соңына тиісті тыныс белгіні қойды.Жұптық жұмыс жасады.Содан соң Көркем жазу жазды.Оқушылар өз өзін бағалау және өзінің жұмысын бағалауды үйренді.Сабақтың ең кереметті мұғалім оқушылармен бірге бидай өсіріп оны баптап өз сабағында пайдалана білді,бұл оқушылардың нанның қалай үлкен еңбекпен дастарханмызға келетінін ұғындыру және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Оқушылар өте белсенді.Сабақ өте жақсы деңгейде өтті.

19. Наурыз.Сабақтың тақырыбы: « Ас атасы-нан » 1 Ж

Пән мұғалімі: Рабаева Гулзина

Анықтамасы:

1 топ Арпа

2 топ Бидай

3 топ Күріш

3 топқа бөлу арқылы сабақ өтілді.

Ойындар арқылы оқу деңгейі төмен балалардың ынтасын сабаққа тарта білді.Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданды. Сабақ барысында оқушыларды қызықтыра білді. Топтық, жұптық, шығармашылық әртүрлі әдістер арқылы оқушыларды сабаққа қызықтырды. Оқушылар сабақта онша белсенділік таныта қоймады.Гулзина мұғалімнің сынып алуы бірінші жыл болғандықтан өте көп тәжірбие жинақтау керектігі,тәжірбиелі мұғалімнің сабақтарына кіру керектігі ескертілді.











